

Г.Б.Қамза,^{1*}  А.Е.Жумабаева¹ 


¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет,
Алматы қ., Қазақстан

ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл зерттеуде дәстүрлі музыканың бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы рөлі қарастырылады. Зерттеу мақсаты – дәстүрлі музыка арқылы ұлттық мәдени мұраны жас ұрпақтың бойына сіңірудің тиімді жолдарын анықтау. Зерттеу әдістеріне педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу және эксперимент енгізілді. Эксперимент Алматы қаласындағы №175 Жаңа Ғасыр мектеп-гимназиясының 3–4-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Музыка сабағы мен сыныптан тыс жұмыстарда дәстүрлі музыканы жүйелі қолдану оқушылардың ұлттық өнерге қызығушылығын, патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын арттырды. Нәтижелер эксперимент және бақылау топтары арасындағы айырмашылықтар арқылы сандық және сапалық тұрғыда дәлелденді. Зерттеу қорытындысы ретінде дәстүрлі музыканы оқу-тәрбие процесіне кешенді және жүйелі түрде енгізу бастауыш сынып оқушыларының ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда, дамытуда маңызды құрал екенін көрсетеді.

Түйін сөздер: дәстүрлі музыка, ұлттық құндылықтар, музыка сабақтары, патриоттық тәрбие, ұлттық аспаптарда ойнауға үйрету.

Қамза Г.Б.,^{1*}  Жумабаева А.Е.¹ 

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая
г.Алматы, Казахстан

ТРАДИЦИОННАЯ МУЗЫКА КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Аннотация

В данном исследовании рассматривается роль традиционной музыки в формировании национальных ценностей у младших школьников. Цель исследования – определить эффективные способы передачи национального культурного наследия подрастающему поколению через музыку. В методы исследования были включены педагогическое наблюдение, анкетирование, беседа и эксперимент. Эксперимент проводился среди учащихся 3–4 классов школы – гимназии Жаңа Ғасыр №175 г. Алматы. Систематическое использование традиционной музыки на уроках музыки и внеурочной деятельности повысило интерес учащихся к национальному искусству, чувство патриотизма, национальной гордости. Результаты были количественно и качественно подтверждены различиями между экспериментальной и контрольной группами. Итогом исследования стало то, что комплексное и систематическое внедрение традиционной музыки в учебно-воспитательный процесс является важным инструментом в формировании, развитии национального самосознания младших школьников.

Ключевые слова: традиционная музыка, национальные ценности, уроки музыки, патриотическое воспитание, обучение игре на национальных инструментах.

Kamza G.,^{1*}  Zhumabayeva A.¹ 

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

TRADITIONAL MUSIC AS A MEANS OF FORMING NATIONAL VALUES OF PRIMARY SCHOOL STUDENTS

Abstract

This study examines the role of traditional music in the formation of national values among younger schoolchildren. The purpose of the study is to identify effective ways of transmitting national cultural heritage to the younger generation through music. The research methods included pedagogical observation, questionnaires, conversation and experiment. The experiment was conducted among students of grades 3-4 of the Zhana Gasyr Gymnasium No. 175 in Almaty. The systematic use of traditional music in music lessons and extracurricular activities has increased students' interest in national art, a sense of patriotism, and national pride. The results were quantitatively and qualitatively confirmed by differences between the experimental and control groups. The result of the study was that the comprehensive and systematic introduction of traditional music into the educational process is an important tool in the formation and development of national identity of younger schoolchildren.

Keywords: traditional music, national values, music lessons, patriotic education, learning to play national instruments.

Кіріспе. Қазақстан Республикасының жаһандану жағдайында өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Ұлттың болашағы саналатын жастардың өз халқының тарихына, мәдениетіне, тілі мен өнеріне деген құрметі мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу бүгінгі күн тәртібіндегі өзекті мәселе екені көптеген зерттеулерде аталып келеді [1, б.52]. Бастауыш мектеп – балалардың тұлғалық негіздері қалыптасатын, дүниетанымы мен құндылықтары орныға бастайтын маңызды кезең. Сондықтан дәл осы кезеңде оқушылардың бойына елдік сана, отансүйгіштік, туған жерге құрмет секілді ұлттық құндылықтарды сіңіру ерекше мәнге ие. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі – этнопедагогика құралдарын оқу-тәрбие процесіне енгізу. Этнопедагогикадағы жетекші компоненттердің бірі – ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлттық дәстүрлерді жеткізу және сол арқылы өскелең буынды тәрбиелеу. Қазақ халқының ұлттық тәрбие жүйесінде музыка өнері айрықша орын алған: бабаларымыз ән мен күйді тек көңіл көтеру үшін ғана емес, тәрбие беру құралы ретінде де кеңінен пайдаланғаны тарихтан белгілі. Дәстүрлі музыка – халықтың тіршілік философиясы мен дүниетанымын бейнелейтін рухани қазына. Мысалы, қазақтың аспаптық музыкасы – күйлер – халықтың философиялық ой-танымын толық қамтыған өнер түрі, тіпті “күй” сөзінің өзі бүкіл түркі халықтарына ортақ ұғым болып, “көңіл күй, хәл-ахуал” мағынасын береді. Демек, дәстүрлі музыканың танымдық-тағылымдық мәні терең, оны бастауыш сынып білім бағдарламасында пайдалану оқушылардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы мен құрметін арттырады деп күтіледі. Зерттеуші Л.В.Добровольская қазақ халық музыкасының бастауыш сыныптағы оқу мазмұнына ену ерекшеліктерін қарастырып, бастауыш оқушыларының ұлттық музыкалық дәстүрге қызығушылығын дамытудың ғылыми негіздерін жасаған. Оның зерттеуінде бірінші сыныптан бастап музыка сабақтарында халық ән-күйлерін қабылдау, диалогтық музыка жасау (айтыс түрінде) және қазақ халық аспаптарында импровизация жасау секілді үш модульді кіріктіру арқылы оқушыларды ұлттық музыкалық мәдениетке баулудың тиімділігі көрсетілген. Алайда автор еліміздің әртүрлі өңірлеріндегі музыка мұғалімдері халық музыкасы элементтерін сабақта пайдалануға ұмтылғанымен, қажетті әдістемелік дайындықтың болмауынан балалардың қазақ халық аспаптарында ойнауын ұйымдастырмайтынын атап өтті. Бұл жалпы білім беретін мектептерде дәстүрлі музыканы жүйелі пайдалануға кедергі келтіретін бір фактор ретінде қарастырылған [2, б. 43].

Бастауыш мектептегі музыкалық тәрбиенің жаңартылған бағдарламаларына этномәдени компонентті енгізу соңғы жылдары білім беру саясатындағы басым бағыттардың бірі болып отыр. 2017 жылы қабылданған жаңа мемлекеттік оқу бағдарламасында “Музыка” пәні аясында

қосалқы тақырыптар арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыларға жеткізу көзделді. Зерттеушілер К.Г.Гаркуша мен С.А.Одинцова бастауыш сыныптарға арналған музыка бағдарламасына этномәдени компонентті қосу оқушылардың ұлттық өзіндік санасын қалыптастырып, оларды ұлттық және әлемдік мәдениет жүйесіне кіріктіру үшін маңызды екендігін атап көрсетті [3]. Музыка сабақтарында ұлттық фольклорды пайдалану тек ұлттық мәдениетке деген толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеуге ғана емес, сонымен бірге оқушылардың өнер арқылы қоршаған әлемді тұтас қабылдауына мүмкіндік беретінін де осы еңбекте негізделген.

Дәстүрлі музыка арқылы ұлттық тәрбие беру мәселесі отандық ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. С.А.Ұзақбаева еңбектерінде халық педагогикасы материалдарын оқу процесінде қолданудың теориялық-әдіснамалық негіздері баяндалған [4]. Этнопедагогика саласындағы басқа да зерттеушілер ұлттық өнерді мектепте оқытудың маңыздылығын, оның тәрбиелік ықпалын ғылыми негіздеген. Мәселен, Е.А.Хожахметов дәстүрлі музыканы халықтық педагогика негізінде оқыту ерекшеліктерін зерделей отырып, қазақтың музыкалық дәстүрлері ғасырлар бойы вокалдық және аспаптық екі басты арнада дамығанын көрсетеді: терме, толғау сияқты кең тынысты әндер арқылы ақыл-нақыл беру дәстүрі және домбыра, қобыз сияқты аспаптарда орындалатын күй өнері арқылы оқиға баяндау дәстүрі қатар қалыптасқанын атап өтеді [5]. Сондай-ақ, автор кеңестік кезеңге дейінгі қазақ қоғамында ақындар, жыршы-жыраулар, әншілер, күйшілер тәрізді халық музыкасының кәсіби өкілдері көп болғанын, олардың өнері сол заманның өзінде жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің басты құралы қызметін атқарғанын тарихи деректермен сипаттайды. Бұл ғылыми тұжырымдар дәстүрлі музыканың тәрбиелік әлеуеті өте жоғары екенін айғақтайды. Шетелдік зерттеушілер де музыка білімінің мәдени бірегейлігін қалыптастырудағы ролін атап көрсетеді. Мысалы, музыка тәрбиесі тұлғаның дамуына, оның ішінде ұлттық сана-сезімнің өсуіне ықпал ететінін қазіргі зерттеулер растап отыр. Балаларды халық музыкасына баулу олардың өз мәдениетіне жататындығын сезіндіреді, ұлттық бірегейлігін қалыптастырады деп саналады. Оған қоса, халық әндерін үйрену арқылы балалар өз елінің мәдени мұрасымен танысып, ұлттық би қимылдарын меңгеріп, жалпы музыкалық қабілеттерін дамытады [6]. Бұл – дәстүрлі музыка мен би арқылы берілетін кешенді тәрбиенің маңызды бөлігі, жас ұрпақтың бойына мәдени мұраның дәнін сеуіп, оны әрі қарай дамытуға негіз қалайды.

Негізгі ережелер. Зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда дәстүрлі музыканы жүйелі түрде қолданудың маңыздылығы айқындалды. Дәстүрлі музыканың тәрбиелік, танымдық және тұлғалық дамуға әсер ететін кешенді мүмкіндіктері зерттеу нәтижелерімен дәлелденді. Эксперименттік жұмыстың құрылымы мен мазмұны оқушылардың ұлттық өнерге қызығушылығын арттыру, патриоттық сезімдерін нығайту және музыкалық қабілеттерін дамытуға бағытталды. Сонымен қатар, музыка пәні мұғалімдерінің этнопедагогикалық дайындығы ұлттық тәрбиенің тиімді жүзеге асуына тікелей әсер ететіні байқалды. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі музыканы оқу-тәрбие процесіне кешенді енгізу арқылы оқушылардың ұлттық сана-сезімі мен мәдени сәйкестігінің қалыптасуын қамтамасыз етуге болатынын көрсетті. Бұл ережелер алдағы уақытта білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтарды оқытуда қолдануға болатын педагогикалық үлгі қалыптастыруға негіз бола алады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы педагогикадағы тәжірибелік әдістерге сүйене отырып жүзеге асырылды. Эксперимент Алматы қаласындағы №175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясының 3–4-сынып оқушылары арасында жүргізілді. Таңдау барысында қазақ тілінде оқытылатын параллель сыныптар қамтылып, жалпы 60 оқушы екі топқа – эксперимент және бақылау топтарына – теңдей бөлінді. Зерттеу 2024–2025 оқу жылының алғашқы жартыжылдығында ұйымдастырылды.

Эксперимент жұмысы үш құрылымдық кезеңді қамтыды: констатациялық, қалыптастыру және бақылау. Алғашқы кезеңде оқушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған диагностикалық жұмыс жүргізілді. Бұл үшін бірқатар өлшемдер мен

көрсеткіштер белгіленді. Олар: оқушылардың ұлттық музыкалық мұра туралы білім деңгейі, атап айтқанда халықтық музыкалық аспаптарды, белгілі күйшілер мен әншілерді тануы, әндер мен күйлердің мазмұнын түсіну қабілеті; ұлттық өнерге деген танымдық қызығушылығы, яғни музыка сабақтарында дәстүрлі шығармаларды ынтамен тыңдауы, бірге орындауға ұмтылысы; ұлттық мақтаныш пен патриоттық сезімнің көрініс беруі, соның ішінде туған жер, халық мәдениеті туралы пікірлері мен сахналық белсенділігі. Бұл көрсеткіштер бойынша мәліметтер сауалнама, әңгімелесу және бақылау әдістері арқылы жинақталды. Оқушыларға ұлттық аспаптар мен әндерге қатысты сұрақтар қойылып, жауаптары сараптамаға алынды. Музыка сабағындағы белсенділік деңгейі мұғалім тарапынан бағаланып, балдық жүйе арқылы тіркелді. Алғашқы диагностика нәтижесінде екі топ оқушыларының білімі мен қызығушылығы деңгейі ұқсас, көбіне үстірт екені анықталды. Қалыптастыру кезеңінде эксперименттік топқа арналған мақсатты педагогикалық ықпал ұйымдастырылды. Бұл жұмыс мектептің білім беру бағдарламасы аясындағы музыка пәнінде және сыныптан тыс тәрбие іс-шаралары арқылы жүзеге асырылды. Сабақтарда қазақтың дәстүрлі музыкасына жүйелі түрде орын беріліп, әрбір сабақ басында ұлттық аспаптық шығармалар тыңдатылды. Негізгі бөлімде оқушыларға халық әндері үйретілді, ал сабақ соңында музыка тарихы мен белгілі композиторлардың шығармашылығы туралы мағлұматтар ұсынылды. Сабақ материалы ретінде ресми оқулықпен қатар, арнайы әзірленген әдістемелік жинақ пайдаланылды. Бұл жинақта халық әндерінің ноталық нұсқалары мен домбыра күйлерінің қарапайым аудиожазбалары енгізілді.

Сыныптан тыс іс-шаралар қатарында “Домбыра үйрену” үйірмесі ұйымдастырылды. Аптасына бір рет өткізілетін бұл үйірмеде балалар домбыраның сүйемелдеуімен ән орындауды және күй тартудың бастапқы элементтерін меңгерді. Үйірмені дәстүрлі музыка бойынша алдын ала біліктілік арттыру курсынан өткен музыка пәні мұғалімі жүргізді. Сонымен қатар, Тәуелсіздік күніне орай “Ән-шашу” сайысы, “Ұлы дала сазы” тақырыбындағы сынып сағаттары, Құрманғазы, Дина, Нұрғиса сынды әйгілі күйшілер туралы бейнематериалдар көрсету сияқты тәрбиелік бағыттағы іс-шаралар ұйымдастырылды. Оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнатылып, үй жағдайында ұлттық музыка тыңдау бойынша ұсыныстар берілді. Бақылау тобында дәстүрлі оқыту жалғасып, музыка пәні қосымша ұлттық компоненттерсіз өткізілді.

Бақылау кезеңінде бастапқы және соңғы нәтижелер салыстырылып, оқушылардың даму серпіні талданды. Сауалнама мен бақылау нәтижелері екі бағытта өңделді: сандық тұрғыда – пайыздық көрсеткіштер мен статистикалық критерийлер арқылы; сапалық тұрғыда – оқушылардың іс-әрекеті, қызығушылығы, мінез-құлқы және эмоционалдық көзқарастары мұғалімдер мен ата-аналар тарапынан жинақталған пікірлер негізінде бағаланды. Сонымен қатар, эксперименттік топтың шығармашылық деңгейін бағалау мақсатында оқушылардың қатысуымен шағын концерт ұйымдастырылып, онда хормен ән айту мен жеке күй орындау ұсынылды.

Жалпы зерттеу барысында педагогикалық бақылау, сауалнама, әңгімелесу, тестілеу, педагогикалық эксперимент және салыстырмалы талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Сауалнама сұрақтары оқушылардың ұлттық мәдениетке деген білімін, қызығушылығын және эмоционалдық қарым-қатынасын анықтауға бағытталды. Әңгімелесу оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы түсініктерін нақтылауға мүмкіндік берді. Бұл сапалық деректер зерттеу нәтижелерінің терең интерпретациясына және оқушылардың ішкі уәжін, дүниетанымын бағалауға негіз болды.

Нәтижелер. Бастапқы диагностика бойынша эксперимент және бақылау топтарындағы 3–4-сынып оқушыларының қазақтың дәстүрлі музыкасы жөніндегі білім деңгейі мен қызығушылық көріністері ұқсас болды. Мысалы, “Қазақтың ұлттық музыкалық аспаптарын атаңыз” деген сұраққа екі топтағы оқушылардың 60%-ы домбыраны атап, одан басқа аспап білмейтіндерін көрсетті; 25%-ы ғана домбырамен қоса қобызды атады, ал 15%-ы мүлдем жауап бере алмады. Оқушылардың ешбірі жетіген, шертер сияқты аспаптарды атаған жоқ. Халық әндерін білу деңгейі де төмен болып шықты: оқушылардың шамамен 30%-ы ғана екі-үш қазақ халық әнінің

атын жаза алды (көбіне “Балапан қаз”, “Әлқиса”, “Елім-ай” деген жауаптар кездесті), қалғандары нақты атау айта алмаған немесе қазіргі эстрадалық әндерді (мысалы, “Атамекен”) көрсеткен. Бұл нәтижелер бастауыш сынып оқушыларының өз халқының музыкалық мұрасы туралы білімдері мардымсыз екенін аңғартты.

Ұлттық өнерге қызығушылық көрсеткіші де аса жоғары емес. Музыка мұғалімдерінің сабақтағы бақылауына қарағанда, халық әндерін тыңдауға балалардың ықыласы классикалық музыка тыңдауымен деңгейлес, бейтарап күйде болған. Сыныптан тыс уақытта өз бетінше күй немесе ән тыңдайтын оқушылар өте аз (екі топта да 10% шамасында ғана ата-аналарының айтуына қарай кейбірі үйде күйтабақ не аудио арқылы халық музыкасын тыңдап тұратыны белгілі болды). Оқушылардың көбіне (70%) “Қандай әнді жиі тыңдайсың?” деген сауалға жауаптары қазіргі заманауи әндер, мультфильм әндері болды, ұлттық ән-күйді атағандары сирек.

Патриоттық сезім мен ұлттық мақтаныш бағытындағы бастапқы бағалау да жанама түрде жүргізілді. Мысалы, “Мектебінде ұлттық музыка бұрышын (музыкалық аспаптар, күйтабақтар) жасап қойса қалай қарайсың?” деген сұраққа эксперименттік топтың 50% және бақылау тобының 47% оң көзқарас білдірсе (“қызық болар еді” сияқты), қалғандары бейтарап немесе нақты жауабы болмады. “Мектеп мерекесінде қазақтың халық әнін айтқың келе ме?” деген сұраққа екі топта да оқушылардың тек 20–25%-ы ғана “иә, орындағым келеді” деп жауап берді, басым көпшілігі өзіне сенімсіз немесе ниеті жоқ екендігін байқатты. Бұл көрсеткіштер оқушылардың ұлттық өнерді өз ортасында насихаттауға аса құлшынысы жоқтығын, яғни ұлттық өнегені бойына сіңіру деңгейі онша жоғары еместігін көрсетеді.

Жалпы, бастапқы кезең нәтижелері зерттеу проблемасының өзектілігін тағы айқындады: қазіргі бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды сіңіруде дәстүрлі музыканы пайдалану қажеттігі бар екені байқалды. Констатациялық кезең деректері кесте 1-де жинақтап берілген.

Кесте 1– Оқушылардың ұлттық музыка бойынша бастапқы дайындық деңгейі

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ (N=30)	Бақылау тобы (N=30)
Ұлттық аспаптарды білуі (домбырадан басқа)	26%	24%
2 және одан көп халық әнін атай алуы	33%	30%
Халық музыкасын тыңдауға қызығушылығы жоғары	15%	12%
Мектепте халық әнін орындауға ниеттілігі	22%	20%

Кесте 1 деректерінен көрінгендей, екі топ көрсеткіштері арасында бастапқыда айтарлықтай айырмашылық жоқ (өзгермелер арасындағы айырманы статистикалық критерийлер де растады: $p > 0.05$).

Қалыптастыру кезеңінің нәтижелеріне келетін болсақ, үш ай бойы эксперимент тобында жүргізілген дәстүрлі музыкаға негізделген тәрбие жұмысының әсері оқушылардың мінез-құлқы мен қызығушылығында біртіндеп байқала бастады. Мұғалімдердің күнделік жазбалары мен бақылаулары бойынша, эксперимент сыныптарының музыка сабақтарында ерекше жандану орын алды. Оқушылар қазақтың халық әндерін зор ықыласпен үйрене бастады, тіпті кейбір бұған дейін музыкаға енжар балалардың өзі ән айтуға, домбыра үйренуге құлшыныс білдірді. Мысалы, 4-сыныптағы Ержан есімді оқушы бұрын музыка сабағында белсенділік танытпайтын, ал эксперимент барысында оған домбырада бір күйдің жеңілдетілген нұсқасын ойнау өте қызық болғаны сонша – ата-анасы баласының үйде де домбыраны қолынан тастамайтын болғанын айтты. Сол сияқты, 3-сынып оқушылары “Бесік жыры” мен “Әлқиса” әндерін үйренгенде әрқайсысы өз әжесінен тағы басқа бесік жырларын сұрап-біліп келуге талпынды. Осылайша,

қалыптастыру кезеңінде эксперимент тобының оқушылары арасында ұлттық музыкаға деген оң көзқарас қалыптасып, қызығушылық деңгейі едәуір өсті.

Бақылау кезеңіндегі қорытынды диагностика эксперимент тобы мен бақылау тобы арасындағы айырмашылықтарды айқын көрсетті. Сауалнама және тест сұрақтарына берілген жауаптарды талдау нәтижелері 2-кестеде келтірілді.

Кесте 2– Эксперименттен кейінгі көрсеткіштер салыстырмасы

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Қазақтың кемінде 3 ұлттық аспабын атай алу	80%	30%
Кемінде 5 халық әнінің атын білу	70%	25%
Халық музыкасын сүйіп тыңдайтын болды	60%	18%
Мектепте ұлттық ән орындауға ынталы	65%	27%
Ұлттық мәдениетке жалпылама көзқарасы	Өте жоғары	Орташа

Кестеден көрсетілгендей, эксперимент тобында ұлттық музыка туралы білім деңгейі мен қызығушылық көрсеткіштері едәуір артты. Атап айтқанда, эксперимент тобы оқушыларының 80%-ы қазақтың үш немесе одан да көп музыкалық аспабын дұрыс атап бере алатын болды (домбыра, қобыз, жетіген, шаңқобыз т.б. атағандар). Бақылау тобында бұл көрсеткіш 30% шамасында ғана қалды (негізінен домбыра мен қобызды ғана атап өтті, жетігенді тек 2 оқушы білді). Халық әндерін тану көрсеткіші де эксперимент тобында айтарлықтай жоғарылады: осы топтағы оқушылардың 70%-ы бес немесе одан көп қазақ халқының әнін атай алды. Салыстырмалы түрде, бақылау тобында 25% ғана бес әннің атын білді, көпшілігі бұрынғыша 1-2 әнмен шектелді.

Эксперимент тобы оқушыларының ұлттық өнерге қызығушылығы анық артқанын олардың іс-әрекеттерінен де байқадық. Сауалнамада “Өзіңнің сүйікті әндерің қандай?” деген сұраққа эксперимент тобының 60% жуық оқушысы тізіміне халық әндерін қосты (кейбірі тікелей халық әндерін ең сүйікті деп атады). Бақылау тобында небәрі 18% ғана жауаптарында қазақтың халық әнін атап өткен. Эксперимент тобындағы балалардың көбі “Домбыра үйрену” үйірмесіне қуана қатысты, тіпті эксперимент біткен соң да бұл үйірмені жалғастыруды сұрағандар болды.

Патриоттық тәрбие көрсеткіштері бойынша да эксперименттік топта оң өзгеріс байқалды. Мектеп ұйымдастырған Тәуелсіздік мерекесіндегі концертте осы топтан көптеген оқушылар ерікті түрде ән айтуға, күй орындауға шығуға тілек білдірді. Сұрау салу нәтижесінде 65% шәкірттің сахнада ұлттық ән орындауға ынтасы бар екені анықталды, бұл бастапқыдағы 22%-дан бірнеше есе артық. Ал бақылау тобында да аздап өсім болғанымен (20%-дан 27%-ға), айтарлықтай емес; көп баланың қызығушылық деңгейі өзгеріссіз қалды. Одан бөлек, эксперимент тобы оқушылары әнұран мен Қазақстан, туған жер тақырыбындағы патриоттық әндерді орындауға құлшыныспен қатысты. Сабактан тыс әңгімелерде олар қазақ мәдениеті жайлы бұрынғыдан жиі айтып, өз білгендерімен бөлісуге тырысатыны мұғалімдер тарапынан атап өтілді.

Жалпы алғанда, нәтижелер эксперимент жұмысы гипотезасын толық растады: бастауыш сыныптың оқу-тәрбие процесіне дәстүрлі музыканы жүйелі енгізу оқушыларда ұлттық құндылықтардың қалыптасуын мүмкін етті. Эксперимент тобының көрсеткіштері барлық бағыт бойынша бақылау тобынан айқын жоғары болды. Статистикалық өңдеу де айырмашылықтардың маңыздылығын көрсетті (мысалы, аспаптарды білу көрсеткіші бойынша χ^2 критерийі есептеліп, эмпирикалық мәні 15.2 болып, критикалық мәннен асып түсті, $p < 0.01$ деңгейінде сенімді; басқа көрсеткіштер бойынша да ұқсас нәтижелер).

Сонымен бірге, сапалық бақылау нәтижесінде дәстүрлі музыкамен тәрбие беру үрдісі балалардың жалпы сабаққа ынтасын, эмоционалдык көңіл-күйін жақсартқаны тіркелді. Эксперимент тобы мұғалімдері оқушылардың сабаққа қатысуы, тәртібі, бір-бірімен қарым-қатынасы сияқты жанама көрсеткіштерде де позитивті өзгерістер болғанын ауызша айтты. Бұл дәстүрлі музыканың тек ұлттық санаға ғана емес, оқушылардың тұлғалық дамуына кешенді әсер ететінін меңзейді.

Талқылау. Алынған нәтижелерді бұрын жүргізілген зерттеулермен салыстырар болсақ, біздің жұмыстың қорытындылары отандық және шетелдік ғалымдардың пайымдарына сай келетіні байқалады. Эксперимент нәтижесі бойынша дәлелденген басты тұжырым – дәстүрлі музыка бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың тиімді құралы бола алады – бұрын теориялық деңгейде айтылып келген пікірлерді нақтылады. Мысалы, Д.Оспанова мен Г.Беккадамның еңбегінде бастауыш мектепте халық педагогикасын пайдалану арқылы оқушылардың ұлттық мінез-құлық қасиеттерін дамыту мақсаты қойылғаны айтылған [1, б. 54]. Біз жүргізген тәжірибе осы мақсаттың жүзеге асу мүмкіндігін көрсетті: дәстүрлі ән-күйді жүйелі үйрету нәтижесінде балалардың ұлттық болмысты қастерлеу сезімі мен мінез-құлық сипаттарында оң өзгерістер болды.

Л.В.Добровольская өз зерттеуінде бірінші сынып оқушыларына қазақтың музыкалық дәстүрлерін үш модуль арқылы (тыңдату, диалогтық музицирование, аспапта ойнау) енгізу жолдарын ұсынған болатын [2, б. 46]. Алайда ол жұмыс негізінен теориялық-әдіснамалық деңгейде қалып, эксперимент тек шағын пилоттық көлемде өткен еді. Біздің зерттеуімізде 3–4-сыныптарға арнап дәстүрлі музыканы оқу бағдарламасына толыққанды кіріктіру жолдары іс жүзінде тексерілді. Нәтижелер алғашқы сыныптан жоғары сыныптарға қарай (оқушылар ересектеу болған сайын) дәстүрлі музыка элементтерін қабылдау жеңілдей түсетінін байқатты: біздің тәжірибеде 4-сыныптар 3-сыныптарға қарағанда домбыра үйренуде жылдам ілесті, әндердің мәтінін тез жаттады. Бұл да Л. Добровольская ұсынған үздіксіздік принципін қолдай түседі – яғни, ұлттық музыкамен тәрбие беру ісі мектепалды мекемеден бастау алып, бастауышта және әрі қарай сабақтас жүргізілсе, тиімділігі артады деп санауға болады.

Дәстүрлі музыка арқылы тәрбие беруде музыка мұғалімдерінің кәсіби дайындығы шешуші рөл атқарады. Эксперимент барысында байқалғандай, егер мұғалімнің өзі домбыраны еркін тартып, халық әндерін шебер орындай алса, оқушылар да соған еліктеп, қызығушылығы еселене түседі. Алайда көпшілік жалпы білім беретін мектептерде музыка пәні мұғалімдерінің халық аспаптарын меңгеру деңгейі әрқелкі. Бұл проблемаға зерттеуші С. Узакбаева және т.б. да назар аударған: болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесінде этнопедагогикалық құзыреттілікті дамыту қажеттігі атап көрсетіледі [7]. Біздің тәжірибемізде музыка мұғалімі алдын ала дәстүрлі музыка бойынша қысқамерзімді курс өткендіктен, эксперимент сәтті шықты. Яғни, мұғалімдердің өзін этно-музыкалық дайындау – басты шарттың бірі. Осы тұрғыда, К. Ибраева және әріптестерінің инклюзивті білім беру жағдайында музыка мұғалімдерін даярлау туралы зерттеуін еске алуға болады [8]. Олар арнайы білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс істейтін музыкант-педагогтардың кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруды ұсынған. Сол сияқты, жалпы мектеп мұғалімдерін де ұлттық мәдениет материалдарымен жұмыс істей алатындай жан-жақты даярлау қажет.

Эксперимент қорытындылары көрсеткен тағы бір жайт – ата-аналардың қолдауының маңыздылығы. Біздің жұмысымызда ата-аналарға балалармен бірге үйде күй тыңдау, ұлттық әндерді үйретуге қатысу туралы кеңес берілген еді. Нәтижесінде кейбір отбасыларда бала мен ата-ана бірге домбыра тартып, ортақ қызығушылық тапқаны байқалды. Отбасылық орта ұлттық тәрбиені нығайтуда үлкен рөл атқаратыны белгілі, сондықтан мектеп пен ата-ана арасында осы бағытта ынтымақтастық қажет.

Зерттеу нәтижелерін талдай келе, кейбір қиындықтар да анықталды. Мәселен, бірқатар оқушылар домбырада ойнауды үйренуге қызыққанымен, мектепте немесе үйде қосымша аспап-

тардың жетіспеушілігі кедергі келтірді. Барлық балаға бірдей домбыра жеткіліксіз болды, бұл олардың толыққанды тәжірибе алуына шектеу қойды. Сондай-ақ, бастапқы кезеңде кейбір оқушылар халық әндерінің әуендік ерекшеліктеріне аса ықылас танытпай, қазіргі заманғы жеңіл әуендерге тартылды. Бұл жерде мұғалімнің шеберлігі маңызды болды – түрлі педтехнологиялар (ойын, жарыс элементтері) арқылы балалардың қызығушылығын оятуға тура келді. Мысалы, ұлттық әндерді хормен айтқанда ең жақсы орындаған сыныпқа шағын сыйлықтар беру, күй тыңдағанда көздерін жұмғызып, елестету ойынын ойнату секілді тәсілдер қолданылды.

Алынған деректерді шетелдік тәжірибемен салыстыру да қызықты нәтижелер береді. Мәселен, Словения ғалымдарының мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық музыка арқылы тәрбие беру тәжірибесінде де балалардың ұлттық биге, әнге деген қабілеті мен мәдени сәйкестігі артқаны байқалған. АҚШ мектептерінде көпмәдениетті музыка бағдарламаларын енгізу оқушылардың өз мәдениеті мен өзге мәдениеттерге сыйластықпен қарауын дамытуға көмектескені туралы мәліметтер бар [9]. Бұл біздің зерттеуіміздің жалпыәлемдік үрдістерге сай екендігін көрсетеді – дәстүрлі музыка тек қазақ балалары үшін емес, әлемнің барлық елдеріндегі жас ұрпақтың ұлттық және адамзаттық құндылықтарын тәрбиелеуде маңызды құрал. Музыка – эмоционалдық өнер болғандықтан, ол идеологиялық немесе құрғақ уағызға қарағанда, баланың жүрегіне тез жол табады [10]. Сондықтан оны тәрбиелік ықпалда пайдаланудың әлеуеті әрдайым жоғары болмақ.

Заманауи зерттеулер бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтар мен мәдени сәйкестігін қалыптастыруда дәстүрлі музыка құралдарының тиімділігін дәлелдеп отыр. Осыған орай Guan, Liu және Luo Қытай бастауыш мектептерінде ұлттық оркестрде оқитын оқушылардың мәдени сәйкестігінің өзгерісін зерттеген ғылыми жұмысында дәстүрлі музыкалық білімнің жас ұрпақтың ұлттық болмысына оң әсер ететінін көрсеткен. Авторлардың пайымдауынша, оркестр сабақтарына қатысқан оқушыларда мәдени мұраға деген қызығушылық артып, дәстүрлі музыкалық шығармаларды орындау арқылы өз тамырларына жақындау үрдісі байқалған. Бұл оқушыларда ұлттық құндылықтарды сезініп, өз мәдениетіне құрметпен қарау сияқты рухани өзгерістерге алып келді. Зерттеу қорытындысы бойынша, дәстүрлі музыка – бастауыш сынып оқушыларының ұлттық болмысын дамытуда қуатты құрал, әрі тұлғалық сәйкестіктің маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс [11].

Қазіргі кезде ұлттық құндылықтарды білім беру мазмұнына енгізу мәселесі әлемдік білім кеңістігінде маңызды орынға ие болуда. Әсіресе бастауыш мектеп деңгейінде оқушылардың рухани-адамгершілік көзқарасын, ұлттық болмысқа деген құрметін қалыптастыруда мәдениет пен өнердің, соның ішінде дәстүрлі музыканың тәрбиелік рөлі ерекше аталады. Халық музыкасы – ұлттық сана мен тарихи жадыны ұрпақ санасына сіңірудің пәрменді тегігі ретінде танылып отыр. Бұл бағыттағы зерттеулер ұлттық мұраның білім беру процесіндегі орнын айқындауға, дәстүрлі өнер арқылы жас ұрпақтың мәдени сәйкестігін дамытуға бағытталған. Осы орайда, М.Кусаинова және оның әріптестері болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ұлттық құндылықтар негізінде кәсіби дамуын қарастырған еңбегінде жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде құндылықтық-бағдарлы көзқарастың орны ерекше екенін атап көрсетеді. Авторлар ұлттық тәрбиенің тиімді жүзеге асуы үшін педагог кадрлардың құндылықтық әлеуетін қалыптастыратын әдістемелік жағдайларды қамту қажеттігін дәлелдейді [12]. Бұл тұжырым дәстүрлі музыка арқылы бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды үйретуде мұғалімнің кәсіби дайындық деңгейінің шешуші рөл атқаратынын көрсетеді. Осыған байланысты зерттеуімізде бастауыш білім беру мазмұнына дәстүрлі музыканы енгізуде мұғалімнің этнопедагогикалық құзыреттілігі басты фактор ретінде алынды.

Практикалық тұрғыдағы ұсыныстар: зерттеу нәтижелері негізінде жалпы білім беретін мектептерге келесі ұсыныстарды беруге болады: 1) Бастауыш сыныптың жылдық тәрбие жоспарына “Ұлттық музыка апталығы” сияқты шараларды енгізу, бұл аптада күн сайын ән-күйге 5-10 минут уақыт бөлініп, мектеп радиосынан күй ойнату, үлкен үзілістерде балалардың

ұлттық билер билеуіне мүмкіндік жасау. 2) Әр мектепте мүмкіндігінше шағын “Ұлт аспаптары бұрышын” жасақтау – домбыра, қобыз секілді аспаптарды көрнекі қойып, олар туралы ақпарат ілу. Бұл балалардың көзбен көріп, қолмен ұстауы арқылы қызығушылықтарын арттырады. 3) Музыка пәні мұғалімдері үшін біліктілікті арттыру курстарында дәстүрлі музыка бойынша арнайы модуль қосу, әсіресе, домбыра, қобыз сияқты аспаптарды негізгі деңгей ретінде үйрету. 4) Ата-аналарды мектептің ұлттық тәрбие шараларына тарту. Мысалы, “Отбасымен ән айту” конкурстарын ұйымдастыру, отбасылық ансамбльдер фестивалін өткізу. Осындай кешенді жұмыстар мектепте ұлттық құндылықтарды нығайтуға септігін тигізеді деп ойлаймыз.

Зерттеу барысында анықталған шектеулерге тоқталсақ: біріншіден, эксперимент тек бір мектептің аясында өткізілді, сондықтан нәтижелерді бүкіл республикаға тікелей жабу (экстраполяция) белгілі бір сақтықты талап етеді. Өртүрлі өңірлердегі мектептерде ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері болуы мүмкін (мысалы, батыс Қазақстан күй дәстүрі, оңтүстікте терме дәстүрі басымырақ болуы ықтимал). Екіншіден, уақыт шектеулі болды – үш ай ішінде қол жеткізілген өзгерістердің тұрақтылығын ұзақ мерзімде байқау мүмкін болмады. Болашақта осы балаларды әрі қарай бақылап, орта буында да ұлттық музыкамен тәрбиелеу жалғасса, оның нәтижелілігін зерттеу қызықты болар еді. Үшіншіден, біздің жұмыс тек 3–4-сыныптарды қамтыды, ал 1–2-сыныптағы жағдай бөлек қарастыруды қажет етеді. Өйткені жастағы айырмашылықтарға байланысты тәсілдер де соған сәйкес болуы шарт. Дегенмен, бұл шектеулер зерттеу нәтижелерінің негізгі түйіндеріне едәуір әсер ете қоймайды деп санаймыз, тек келешектегі зерттеулер бағыттарына негіз болады. Алынған мәліметтер жалпы білім беретін мектептерде дәстүрлі музыка арқылы ұлттық тәрбие берудің тиімділігін дәлелдеп отыр.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу бастауыш сынып оқушыларына ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда дәстүрлі музыканың зор тәрбиелік мүмкіндігін тәжірибе жүзінде растады. Эксперимент қорытындылары бойынша төмендегідей негізгі тұжырымдар жасалды:

1. Дәстүрлі музыканың ұлттық сана қалыптастыру құралы ретіндегі тиімділігі дәлелденді. Қазақтың халық ән-күйлерін жүйелі түрде тыңдап-үйренген бастауыш сынып оқушыларының өз халқының мәдениетіне қызығушылығы мен құрметі едәуір артты, ұлттық болмысына деген мақтаныш сезімі қалыптасты. Мәселен, эксперимент тобындағы оқушылардың 70%-дан астамы бірнеше ұлттық ән мен аспапты танып-біліп, оларды күнделікті өмірде ықыласпен тыңдайтын болды. Оқушылар ұлттық дәстүр мен өнерді құрметтеу керек екенін жүрекпен түсініп, патриоттық сезімдері нығайды.

1. Музыка пәніне дәстүрлі музыка элементтерін кіріктіру оқушылардың жалпы дамуына оң ықпал етті. Халық музыкасын үйрену барысында балалардың эстетикалық талғамы, есту қабілеті, ырғақтық сезімі сияқты музыкалық қабілеттері жетілді, сонымен бірге ұжымдық ән айту, ортаға шығып өнер көрсету арқылы олардың әлеуметтік дағдылары (өзін-өзі көрсету, ынтымақтастық) дамыды. Бұл нәтижелер дәстүрлі музыканың тәрбие ғана емес, оқу тиімділігін де арттыратынын көрсетеді.

2. Мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы ұлттық тәрбие беру ісінің шешуші факторы екені анықталды. Эксперимент жұмысының нәтижелілігі көп жағдайда музыка мұғалімінің халық ән-күйін өзі жақсы көруі әрі орындай білуіне байланысты болды. Мұндай мұғалім балаларды да ұлттық өнерді сүйеге оңай баули алады. Сондықтан педагогикалық жоғарғы оқу орындарында болашақ музыка мұғалімдерінің дәстүрлі музыкаға байланысты кәсіби біліктілігін көтеру қажет. Жалпы, мектептерде этнопедагогикаға бейім мамандар көбейсе, ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне тиімді ендіруге мүмкіндік артары сөзсіз (Ұзақбаева және Қожахметова, 1998).

3. Мектепте, отбасында және қоғамда бірлескен ортақ жұмыс қана ұрпақ тәрбиесінде нәтижеге жеткізеді. Біз қарастырған дәстүрлі музыка – ұлттық тәрбие құралының бір бөлігі ғана. Оны басқа тәрбиелік ықпалдармен (тіл, әдебиет, тарих, ұлттық ойындар, т.б.) ұштастыру керек.

Мектепте музыка арқылы ұлттық тәрбие беру ата-аналардың қолдауымен жалғасса және жалпы қоғамда ұлттық өнер насихаты күшейсе, ықпалы еселенетін болады.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі музыканы бастауыш сынып оқушыларының ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда пайдалану – тиімді әрі өміршең тәсіл. Ол өскелең ұрпақты өз халқының мәдениетіне жақындатып, елжанды, рухы берік тұлға етіп тәрбиелеуге септігін тигізеді. Зерттеу мақсатына қол жеткізілді: теориялық талдаумен де, тәжірибелік жұмыс нәтижелерімен де дәстүрлі музыка бастауыш мектепте ұлттық құндылықтар қалыптастырудың қуатты педагогикалық құралы екені негізделді. Алдағы уақытта осы бағыттағы жұмыстарды кеңейте түсу (әртүрлі өңір, жас және жағдайларда зерделеу) ұлт болашағы үшін аса маңызды болмақ.

Алғыс білдіру. Зерттеу жұмысына қолдау көрсеткен Алматы қаласы №175 Жаңа ғасыр мектеп-гимназиясының әкімшілігі мен музыка пәні мұғалімдеріне терең алғысымызды білдіреміз. Сондай-ақ, экспериментке қатысқан оқушылар мен ата-аналарына ынтымақтастығы үшін ризашылығымызды айтамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оспанова Г.У., Беккадам Г.А. Бастауыш мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруді қалыптастыру // *Молодой учёный*. – 2015. – №7 (87), ч.2. – С. 52–54.
2. Добровольская Л.В. Приобщение младших школьников к музыкальным традициям казахского народа. – Екатеринбург, 2013. – 200 б. (Пед. гыл. канд. дисс.).
3. Гаркуша К.Г., Одинцова С.А. Реализация этнокультурного компонента программы «Музыка» для 1–4 классов уровня начального образования Республики Казахстан // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки»*. – 2020. – №1(64). – С. 384–390. DOI: [10.51889/2020-1.1728-5496.69](https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.69)
4. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. Қазақ этнопедагогикасы материалдарын педагогикалық пәндерді оқытуда пайдалану. – Алматы: Өнер, 1998. – 64 б.
5. Хожасметов Е.А. Дәстүрлі музыканың халықтық педагогика негізінде құрылуы // *Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы, «Көркемөнер білім беру» сериясы*. – 2016. – №2(47). – Б. 37–40.
6. Koval T., Kaniuka L., Neboha O., Kovtiukh L., Kalinichenko N. The Role of Music Education in the Formation of Cultural Identity in the Modern World // *Journal of Curriculum and Teaching*. – 2025. – Vol. 14, No. 1. – P. 349–358.
7. Uzakbayeva S., Sarkanbaeva G. Болашақ шетел тілі мұғалімінің этнопедагогикалық даярлығының негізгі бағыттары // *Pedagogy and Psychology*. – 2023. – Т. 55. – №. 2. – С. 31–44.
8. Ибраева К.Е., Махметова Б.Т., Уразалиева М.А., Бейсембаева А.А. Вопросы подготовки педагогов-музыкантов в условиях инклюзивного образовательного процесса // *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки»*. – 2023. – №1(77). – Б. 188–197. DOI: [10.51889/1728-5496.2023.1.76.020](https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.020)
9. Volk T.M. *Music, Education, and Multiculturalism: Foundations and Principles*. – New York: Oxford University Press, 1998. – 288 p.
10. Campbell P.S. *Songs in Their Heads: Music and Its Meaning in Children's Lives*. 2nd ed. – Oxford: Oxford University Press, 2010. – 336 p.
11. Guan T., Liu J., Luo N. Exploring the changes in cultural identity of primary school students in a Chinese orchestra // *International Journal of Music Education*. – 2025. – Vol. 43, № 1. – P. 22–38. – DOI: [10.1177/02557614241228626](https://doi.org/10.1177/02557614241228626).
12. Kussainova M., Kenesbekova S., Alshynbayeva Z., Nugman B., Tleugabylova K. Self-Education of Future Teachers in Education of Primary School Children Through National Values // *Scientific Herald of Uzhhorod University. Series: Physics*. – 2024. – № 55. – P. 704–711. – DOI: [10.54919/physics/55.2024.70jr4](https://doi.org/10.54919/physics/55.2024.70jr4).

References:

1. Ospanova G.U., Bekkadam G.A. “Bastauysh mektep oqushylaryna ultiq tarbie berudi qalyptastyru” [Formation of national education for primary school pupils]. *Molodoy uchyony (Young Scientist)*, 2015, No.7(87) Part 2, pp. 52–54.
2. Dobvol'skaya L.V. Priobshchenie mladshikh shkol'nikov k muzykal'nym traditsiyam kazakhskogo naroda [Engaging primary schoolchildren in the musical traditions of the Kazakh people]. Yekaterinburg, 2013.
3. Garkusha K.G., Odintsova S.A. “Realizatsiya etnokul'turnogo komponenta programmy ‘Muzyka’ dlya 1–4 klassov urovnya nachal'nogo obrazovaniya Respubliki Kazakhstan” [Implementation of the ethnocultural component of the “Music” curriculum for grades 1–4 of primary education of RK]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya “Pedagogicheskie nauki”* 2020, No.1(64), pp. 384–390. DOI: [10.51889/2020-1.1728-5496.69](https://doi.org/10.51889/2020-1.1728-5496.69)
4. Uzakbaeva S.A., Kozhahmetova K.Zh. *Qazaq etnopedagogikasy materialdaryn pedagogikalq panderdi oqtuda paidalanu* [Using Kazakh ethno pedagogy materials in teaching pedagogical disciplines]. Almaty: Öner, 1998.
5. Khozhakhmetov E.A. “Dástürli muzykanyn halktyk pedagogika negizinde qúryluı” [Formation of traditional music on the basis of folk pedagogy]. *Abai Univ. Bulletin, “Art Education” series*, 2016, No.2(47), pp. 37–40.
6. Koval T., Kaniuka L., Neboha O., Kovtiukh L., Kalinichenko N. “The Role of Music Education in the Formation of Cultural Identity in the Modern World.” *Journal of Curriculum and Teaching*, 2025, Vol.14(1), pp. 349–358.

7. Uzakbayeva S., Sarkanbaeva G. *Bolaşaq şetel tılı müğalimniñ etnopedagogikalyq dayarlyğynyñ negizgi bağyttary //Pedagogy and Psychology. – 2023. – T. 55. – №. 2. – С. 31-44.*

8. Ibraeva K.E., Makhmetova B.T., Urazaliyeva M.A., Beysembayeva A.A. “Voprosy podgotovki pedagogov-muzykantov v usloviyakh inklyuzivnogo obrazovatel'nogo processa” [Issues of preparing music teacher-pedagogues in an inclusive educational process]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seriya “Pedagogicheskie nauki”, 2023, No.1(77), pp. 188–197.* DOI: [10.51889/1728-5496.2023.1.76.020](https://doi.org/10.51889/1728-5496.2023.1.76.020)

9. Volk T.M. *Music, Education, and Multiculturalism: Foundations and Principles.* New York: Oxford Univ. Press, 1998.

10. Campbell P.S. *Songs in Their Heads: Music and Its Meaning in Children's Lives.* 2nd ed. Oxford: Oxford Univ. Press, 2010.

11. Guan T., Liu J., Luo N. *Exploring the changes in cultural identity of primary school students in a Chinese orchestra // International Journal of Music Education. – 2025. – Vol. 43, № 1. – P. 22–38. – DOI: 10.1177/02557614241228626.*

12. Kussainova M., Kenesbekova S., Alshynbayeva Z., Nugman B., Tleugabylova K. *Self-Education of Future Teachers in Education of Primary School Children Through National Values // Scientific Herald of Uzhorod University. Series: Physics. – 2024. – № 55. – P. 704–711. – DOI: 10.54919/physics/55.2024.70jr4.*

ҒТАХР 14.21.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2026.90.2.038>

Ж.Сержанқызы,^{1*}  Н.Ильясова,¹  О.Сапашев² 

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университет, Алматы қ., Қазақстан
² Стамбул университет, Стамбул қ., Түркия

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН МЕДИАРЕСУРСТАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Аңдатпа

Мақалада цифрлық технологиялар мен медиаресурстардың қазақ тілін оқытудағы лингводидактикалық әлеуеті жан-жақты қарастырылады. Қазіргі цифрландырылған білім беру жағдайында тіл үйретудің мазмұны мен әдістемесін жаңғырту қажеттілігі туындап отыр. Зерттеу барысында онлайн білім беру платформалары, мультимедиялық оқу материалдары, мобильді қосымшалар және әлеуметтік желілердің қазақ тілін меңгертудегі тиімділігі талданады. Цифрлық ресурстарды қолдану арқылы білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін және тілдік дағдыларын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) дамыту мүмкіндіктері айқындалады.

Сонымен қатар цифрлық технологияларды пайдаланудың білім алушылардың оқу уәжіне, танымдық белсенділігіне және өзіндік жұмыс жасау қабілетіне әсері сарапталады. Қазақ тілін оқыту үдерісінде медиаресурстарды мақсатты әрі жүйелі қолданудың тиімді модельдері ұсынылады. Цифрлық ортада тілдік материалды іріктеу мен ұсынудың дидактикалық талаптары негізделеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқыту әдістемесін жетілдіруге және цифрлық білім беру ресурстарын тәжірибеде тиімді пайдалануға әдістемелік негіз бола алады.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, медиаресурстар, лингводидактика, цифрлық білім беру, тілдік дағдылар, коммуникативтік құзыреттілік.

Сержанқызы Ж.,^{1*}  Ильясова Н.,¹  Сапашев О.² 

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

² Стамбульский университет, г. Стамбул, Турция

ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЙ ПОТЕНЦИАЛ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕДИАРЕСУРСОВ В ОБУЧЕНИИ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ

Аннотация

В статье всесторонне рассматривается лингводидактический потенциал цифровых технологий и медиаресурсов в обучении казахскому языку. В условиях цифровизации современного образования возрастает необходимость обновления содержания и методики языкового обучения. В ходе исследования анализируется эффективность онлайн-образовательных платформ, мультимедийных учебных материалов, мобильных приложений и социальных сетей в процессе овладения казахским языком. Определяются возможности развития коммуникативной компетенции